

«ЖАСТАР. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ. ИННОВАЦИЯ» АТТЫ СТУДЕНТТІК КӨКТЕМ ФЕСТИВАЛІ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Университет жастарының мәдени және адамгершілік потенциалын жетілдіру мен сақтау, жастарда белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру, әлеуметтік жауапкершілік, отансүйгіштік сезім, көшбасшылық және бәсекеге қабілеттілік қасиеттерін жетілдіру мақсатында 2017 жылдың 20-29 сәуірі күндері аралығында Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты басқармасының ұйымдастыруымен «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесі аясында **«Жастар. Шығармашылық. Инновация»** атты Студенттік көктем фестивалі өтті.

Фестиваль 20 сәуір күні «Әдептілік күні» акциясымен басталды. Шара барысында жастарға университеттің ішкі тәртіп ережелері мен «Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Этикалық кодекс» ережелері және алдағы өтетін фестивальдің жоспары таныстырылып, университеттің Студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің жұмысы шағын презентация ретінде ұсынылды.



Студенттік фестиваль аясында Студенттік кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен университетіміздің белсенді студенттері М.Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрында Астана қаласы Жастар театрының репертуарындағы Ә.Кекілбаевтың **«Нартәуекел»** қойылымын тамашалады. Үш жүздің ханы атанған Абылай ханның ұлы мұратын басты нысан етіп алған **«Нартәуекел»** қойылымы студенттердің патриоттық сезімін оятып, жастарды отансүйгіштікке, елжандылыққа баулып, театр актерлері өнегелі өнерлерімен жастардың көңілдерін тебіrentті.



Фестиваль аясында студенттер өздерінің интеллектуалдық, шығармашылық, спорттық, эстетикалық біліктіліктерін сынап, әр түрлі сайыстар бойынша өзара бақ сынасты. Студенттердің спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында **«Ұлы дала ойындары»** атты институтаралық минифутболдан біріншілік және жатақханалар арасында қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақтан сайыс өткізілсе, білім алушы жастарды патриотизмге тәрбиелеу және Отан алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру мақсатында университетішілік **«Айбын-2017»** әскери-спорттық ойыны өтті. Университетіміздің институттары қатысқан бұл сайыста командалар жылдамдыққа газтұмылдырық киюден, атыс даярлығы (автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау) және кермеге тартылу мен қол күресі бойынша өзара бәсекеге түсіп, әскери-патриоттық сайыс жоғары деңгейде өткізілді.



Сондай-ақ, фестиваль жоспарына сәйкес, **«ЕХРО-2017: жаһандану, өркениет және инновация»** атты Алматы қалалық жоғары оқу орындары арасында пікір-сайыс турнирі өткізіліп, студент жастардың шешендігі мен ой-өресі сынға түсті. Сонымен қатар университетіміздің Тәрбие басқармасы, Студенттік кәсіподақ ұйымы және Жастар ісі жөніндегі комитеті бірігіп, Алматы облыстық №1 балалар үйінде **«Сәбидің бәрі бақытты болуы үшін жаралған»** атты қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балалардың жүрегіне үміт нұрын сеуіп, қамқорлық танытып, олардың өмір сүруге деген құлшыныстарын арттыру мақсатында өткізілген қайырымдылық шарасында студент жастар балалар үйінің тәрбиеленушілеріне сыйлық таратып, концерттік бағдарлама ұсынды.



Апталық аясында «Өзілің жарасса...» атты ректор кубогына арналған университетішілік жайдарман ойындары өткізілді. Сапалы әзілге салмақты ойын қосып жеткізе білген қатысушы командалардың әзілдері әртүрлі өзекті тақырыптарды қозғап, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй мен шаттық сыйлады.



Фестиваль барысында **«Тазалық – иманның жартысы»** екенін ескеріп, жатақханалар мен жатақхана бөлмелерінің тазалығына да ерекше мән беріліп, арнайы жасақталған комиссияның тексеру нәтижесінде **«Ең үздік жатақхана»**, **«Ең үздік ұлдар бөлмесі»** және **«Ең үздік қыздар бөлмесі»** сынды номинациялар тағайындалды.



Он күнге созылған фестиваль барысында студенттерге рухани-эстетикалық тәрбие беріп, жастардың мемлекеттік тілге деген құрметін арттыру үшін филология ғылымдарының докторы, профессор, академик, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті **Өмірзақ Айтбайұлымен кездесу** кеші ұйымдастырылды.



1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі қарсаңында бірлік мен татулықты насихаттайтын институтаралық **«Бір үйдің баласындай»** атты танымдық сайыс өткізілді.



«Қыз – ұлттың ұяты, халықтың шырайы» деп, қызды тұтас елдің арнамысына балаған қазақ халқы қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. Білім алушы қыздардың шығармашылық әлеуетін дамыту, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, оларды қыздарға тән сыпайылық пен парасаттылыққа және ұшқыр ойлы білімпаздық пен шеберлікке баулу мақсатында **«Қанекей, қыздар!»** атты студенттік қыздар клубы арасында интеллектуалды-шығармашылық байқау өтті. Шығармашылық байқауға университет институттарындағы қыздар клубтары қатысып, **«Сәлем сөздің анасы»**, **«Біздің клуб осындай»**, **«Білгенге маржан»**, **«Өнерге әркімнің-ақ бар таласы»** атты төрт кезең бойынша бақ сынады.



Он күнге созылған интеллектуалдық, шығармашылық, спорттық, эстетикалық, әскери сайыстар мен акциялар түрінде өткен фестивальдің

нүктесін «**MISS KazNPU - 2017**» арулар байқауы қойды. Байқауға университетіміздің әр институтынан **8** ару қатысып, олар **ақыл мен парасат, сұлулық пен сымбат, өнер мен өнеге** сыналатын **5** кезең бойынша сайысқа түсті.

Жан-жақты сынға түскен аруларды бағалау үшін өнер, мәдениет салаларында өзіндік орны бар тұлғалардан қазылар алқасы жасақталды. **Қазылар алқасы құрамында «Дарын» сыйлығының лауреаты, Астана қаласы «Жастар» театрының директоры, әнші, актер Е.Қ. Жұматаев, Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясатын дамыту басқармасы бастығының орынбасары Қ.А. Бекбенбетова, Мәдениет бөлімінің бастығы М.М. Жәутіков, «МузАРТ LIVE» жобасының жеңімпазы Нұрхат Сегізбай және «Мисс Алматы» финалисті, «Мисс золото Сочи», «Мисс Фотомодель», кино және театр актрисасы Алия Даниярова болды.**

Студенттік көктем фестивалі аясында «**MISS KazNPU - 2017**» сұлулық және талант байқауының қорытындысы бойынша Филология және көптілді білім беру институтының студенті **Дауылбаева Назерке** жеңіс тұғырынан көрініп, «**ҚазҰПУ аруы**» атанса, Педагогика және психология институтының студенті **Көшербай Мадина** жүлделі **I орынды**, Өнер, мәдениет және спорт институтының студенті **Бисалиева Азиза** **II орынды**, Сорбонна-Қазақстан институтының студенті **Саяқбай Ақсауле** **III орынды** иеленді. Жеңімпаздарға Астана қаласында өтетін «**EXPO-2017**» көрмесіне билет, «**Maybelline**» (АҚШ) сәнді косметикалық компаниясының арнайы сыйлығы және **Студенттік кәсіподағы ұйымы** тарапынан бағалы сыйлықпен марапатталды.





Қалған қатысушы аруларға ұйымдастырушылар тарапынан **«Көрермен көзайымы»**, **«МИСС ИНТЕРНЕТ»**, **«МИСС EXPO»**, **«МИСС ПОДИУМ»** сынды номинациялар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Шара барысында барлық қатысушы қыздарымызға **«Maybelline»** сәнді косметикалық компаниясы кәсіби бет әрлеу (макияж) жұмыстарын жүргізіп, барлық жанкүйер қыздарымызға сұлулықтың қыр-сырын таныстыратын шеберлік сыныбын өткізді.

Шара соңында университетіміздің **Тәрбие ісі жөніндегі проректор Ж.Е. Ішпекбаев** Студенттік фестиваль аясында өткен барлық байқаулар мен сайыстардың жеңімпаздарын құттықтап, белсенділік танытқан қатысушыларға алғысын білдірді. Фестиваль жеңімпаздары мен қатысушылары университет ректорының грамотасымен және Студенттік кәсіподақ ұйымы тарапынан ақшалай және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Атап айтқанда, Ректор кубогына арналған институтаралық **минифутболда** I орынды Физика, математика және информатика институтының студенттері жеңіп алды. Жаратылыстану және география институты II орынды иеленсе, Тарих және құқық институтының студенттері III орынға табан тіреді. Ал **«EXPO-2017: жаһандану, өркениет және инновация»** атты Алматы қаласы жоғары оқу орындары арасында өткен пікірсайыс турнирінде жүлделі I, II орындарды Абай атындағы ҚазҰПУ пікірсайысшылары, III орынды Алматы Энергетика және байланыс университетінің командасы жеңіп алды. Студенттік көктем фестивалінде **«Әзілің жарасса...»** атты жайдарман ойындарында Жаратылыстану және география институты бас жүлдені иеленіп, Ректор кубогын жеңіп алса, қалған институттар номинациялармен және алғыс хаттармен марапатталды. Ер жігіттердің күш-қайраты сынға түскен **«Айбын»** әскери-спорттық ойындарында Өнер, мәдениет және спорт институтының сарбаздары **«Ең үздік команда»** деп танылды.

Елбасы саясатын қолдап, ұлттық құндылықтарды қолдау мақсатында өткізілген **«Қуалайық ой түбін»** атты жатақханааралық тоғызқұмалақ ойындарында №5 жатақхана тұрғыны Дәрібай Мұхтар I орын иегері атанса, №2 жатақхана атынан сайысқа қатысқан Әлімбаева Мөлдір мен №3 жатақхана ойыншысы Жанқазы Ақиқат II және III орындарды бөлісті.

Жатақханадағы тәртіп пен тазалықты қатар ұстанып, өзге жатақханаларға үлгі бола білген №3 жатақхана «Ең үздік жатақхана» атағын жеңіп алса, №2 жатақхананың 2-ші бөлмесі «Ең үздік ұлдар бөлмесі» номинациясына, №1 жатақхананың 7 бөлмесі «Ең үздік қыздар бөлмесі» номинациясына ие болды. «Бір үйдің баласындай...» институтаралық танымдық сайыста Филология және көптілді білім беру институты І орынды, Педагогика және психология институты ІІ орынды, Жаратылыстану және география институты ІІІ орынды иеленді. Студенттік қыздар клубы арасында өткен «Қанекей, қыздар!» интеллектуалды сайыста Педагогика және психология институтының «Сырғалым» клубы І орынға ие болып, «Ең үздік клуб» атағын жеңіп алды. Жаратылыстану және география институтының «Қырмызы қыздар-ай» клубы ІІ орынға табан тіреді. Ал Физика, математика және информатика институтының «Бойтұмар» клубы үздік үштіктің қатарынан көрініп, ІІІ орынды місе тұтты.







**Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және
жастар саясаты басқармасы**